



ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ





Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА
НЕГІЗДЕЛГЕН ТӘРБИЕ БОЙЫНША НУСҚАУЛЫҚ**

2020 жыл

Қашықтан оқыту жағдайында құндылықтарға негізделген тәрбие бойынша нұсқаулық.

- Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.
- (қазақ және орыс тілдерінде).

Ұсынылып отырған нұсқаулық ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу мен тәрбие беруге арналады. Сонымен қатар, жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, өмірлік қиындықтарға эмоциялық төзімділікті дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыруға бағытталады.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңда әлемде орын алған коронавирус пандемиясына байланысты еліміздің барлық аймағында жарияланған төтенше жағдай режимі білім беру жүйесіне де әсерін тигізбей қоймады. Дүниежүзін дүрліктірген бұл індеттің кесірінен білім беру ұйымдары уақытша жабылып, оқушылар мерзімінен бұрын демалысқа жіберілді. Мұндай оқшаулану кезінде тұрғындар уақытының көп бөлігін үйде өткізетіндігі белгілі.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында білімнің салтанат құруына қатысты мәселелерде маңызды бағыттар бергені белгілі. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Сондықтан, қандай жағдай болмасын жас ұрпақтың білім алуын және олардың жан-жақты дамуын тоқтатпау білім саласының басты міндеті болып саналады.

«Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны», - деп хакім Абай айтқандай, осындай жағдайда жалқаулыққа бой алдыру адамдағы жинақылық пен ізденімпаздық сияқты қасиеттердің кемуіне әкеп соқтырады. Үнемі үйде отыру, мектептегі қоғамдық іс-шаралардан уақытша болса да қол ұзу, балалар бойында қалыптасқан қарқынды өзгертуі

ықтимал. Неге десеңіз, оқушының өз уақытын жоспарлы түрде қолдануына, назарын оқуға немесе пайдалы істерге шоғырландыруына тосқауыл болатын ғаламтор желісіндегі ойындар, гаджеттер өзіне деген тәуелділікті арттырады. Әлеуметтік желілерде сағаттап ойын ойнаған баланың психикалық әрі физикалық тұрғыдан денсаулығы нашарламаса, жақсармайтыны анық. Осыдан кейін оның басқа пайдалы дүниелерге күші де, уақыты да қалмайды. Карантин кезінде оқушылардың бір-бірімен байланысы да азаяды. Соның әсерінен қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білу, топпен жұмыс істеу секілді дағдыларына да нұқсан келуі мүмкін.

Осы жағдайлардың бәрін ескере келе, мәселенің бір шешімі ретінде үйде өткізетін әрбір бос минутты тұлғалық дамытуға жұмсау маңызды болып табылады. Үйде отырып-ақ, баланы дамыту мен оның бойында жаңа әдеттер қалыптастыруға бағытталған түрлі жаттығулар жасату арқылы олардың ерік-жігер, тәртіп, ұстамдылық және жауапкершілік дағдыларын күшейтуге болады. Әрине, бұл жағдайда ата-ананың рөлі өте маңызды. Үй жағдайында баланың күн тәртібін реттеу, уақытты дұрыс пайдалану мен қызықты өткізуді жоспарлау, отбасымен бірге шешім қабылдау мәселелері, осы жағдайда ата-ананың рөлі қте маңызды. Осы ретте мектеп жасындағы балалары бар отбасыларға мектеп тарапынан барынша эмоционалды, психологиялық және педагогикалық бағыттарда қолдау көрсетуді қолға алып отырмыз. Карантин кезеңінде ата-аналарға бала тәрбиесінде көмекші болар бағыттар мен кеңестерді ұсынамыз.

КҮНДЕЛІКТІ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР

Спортпен шұғылдану. Жаттығу залына бармай-ақ, үйде дене қимылдарымен айналысып, денсаулығыңыз бен иммундық жүйеңізді күшейтіңіз. Спорттың тек дене қозғалысы ғана емес, жалқаулықты жеңудің де тамаша тәсілі екенін естен шығармаңыз.

Күніне 20 минут таңғы жаттығу жасаңыз.



JEFIT



J&J Official 7 Minute Workout

Ой-өрісін дамыту. Кітап-рухани кемелденудің қайнар көзі, сондықтан күнделікті кітап оқуды әдетке айналдыру арқылы зейініңізді жинақтап, жан-жақты біліміңізді арттырасыз.

Күн сайын 20-50 бет кітап оқуға уақыт бөліңіз.



Books

Адами құндылықтарды жетілдіру: Мінез-құлық пен дағдыларыңызды бақылауға ала отырып, адамгершілік қасиеттеріңізді мүмкіндігінше жоғары деңгейге шығара аласыз.

Үй шаруасында үлкендерге ұдайы қолғабыс етіңіз.

Өзіңізге ғана емес, өзгеге де пайдалы болатын игі іс-әрекет жасауға дағдыланыңыз (досыңыз не бауырыңызға үй тапсырмасын орындауда, түсінбегенін үйренуге жәрдемдесіп, ақыл-кеңес беріңіз; отбасыңыздағы қарт адамдардың жағдайын жиі сұрап тұрыңыз; т.с.с.)

ДЕНСАУЛЫҚ

Өздеріңіз білетіндей, COVID-19 індеті денсаулығы нашар немесе иммундық жүйесі әлсіз адамдарға тез жұғатындығы ғалымдар тарапынан дәлелденді. Сол себепті әрбір адамға денсаулығын сақтау және иммунитетті нығайту өте маңызды. Ал денсаулықты жақсартудың ең қарапайым әдісі - үздіксіз қимыл-қозғалыс жасау. Халқымыздың “шынықсаң, шымыр боласың” дегені осы. Оған қоса, адамның қорғаны боп табылатын иммунитетті (ағзаның қарсыласу қабілеті) нығайтса, ол түрлі инфекциялар мен вирустарға төтеп бере алады. Иммунитетті көтерудің ең алғашқы қадамы - жоғарыда айтып өткен дене шынықтыру, таза ауада жиі серуендеу, жаяу жүру. Бұлар - басқа спорт түрлерімен салыстырғанда ең қолжетімдісі. Ескертетін нәрсе, таза ауада жүргенде табиғатқа көңіл бөліп, қоршаған ортаның сұлулығын тамашалауды ұмытпаған жөн. Төменде көрсетілген бағдарламалар осы істе жақсы көмекші құрал бола алады. Кез келген гаджетке жүктеп, күн сайын жаттығу жасап отыруға кеңес береміз:



JEFIT



J&J Official 7 Minute Workout



FitOn



SworKit Fitness



Home Workout

КІТАП ОҚУ



“Кітап-ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына”-деп, шығыс ақыны Науаи айтқандай, әр шаңырақтан табылатын кітаптың пайдасын өз игілігімізге жарата білуіміз қажет. Мұғалім оқушының жанында 24 сағат бола алмауы мүмкін, бірақ кітап оны ешқашан жалғыз қалдырмайды. Сондықтан, балаға қандай жағдайда да оқуды дағдыға айналдыруға көмектесу керек. Бұл ретте балаға ересектер де үлгі болса құптарлық іс. Кітап оқудың таным, білім, рухани байлық болуынан басқа да көптеген артықшылықтарын түсіндірген абзал. Мысалы, адам оқыған кезде жады мен эмпатияны жақсартып қана қоймай, сонымен бірге, өзін жақсы және позитивті күйде сезінеді. Ғылыми тәжірибелер оқудың денсаулықты ширатуда таңқаларлық әсері бар екенін, соның ішінде депрессиямен күресу, күйзелістен арылуға көмектесетінін дәлелдеген. 2013 жылы Эмори университеті өткізген зерттеу жиі оқитындардың миын оқымаған адамдардың миымен салыстырғанда, самай қабығы аймағындағы мидың бір бөлігі жоғары белсенділікке ие болғанын көрсеткен. Ал мидың бұл бөлігі тілдерді түсінуге жауап береді екен. Кітаптың жақсылығы көп-ақ, дегенмен ересектердің үлгі бола отырып, сол кітапты балалармен бірге оқуы, кітап туралы пікірлесуі маңызды болып табылады.

(Gregory S. Bern, 2013)



Books



ҚҰНДЫЛЫҚ- АДАМ ЖАНЫНЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Құндылықтар-өміріміздің басты бөлігі. Құндылықсыз адам да, қоғам да болмайды. Адамның адамнан айырмашылығы - оның бойындағы ізгі қасиеттер мен адамгершілік құндылықтарда. Сол себепті, адами қасиеттерді үнемі азықтандырып отыру өте маңызды. Адам көп оқып, көп білуі мүмкін, бірақ ол оқығанын іс-тәжірибе ретінде өмірде қолданысқа енгізбесе, тек мәлімет болып қана сақталады. Ондай білімнің өзіне де, өзгеге де пайдасы шамалы. “Кісінің кісілігі - ақыл мен жүректің келісіп шешкен ісінде” деген халық даналығына сүйенсек, өз бойындағы құнды қасиеттерді перзентіне үйрету, өмір тәжірибесімен бөлісу, балаға бала деп қарамай, онымен санаса, ақылдаса отырып, шешім қабылдау - ата-ана еншісіндегі іс. Тәрбие, ең алдымен, отбасынан бастау алатындықтан, ата-аналардың үлгі болуы өзекті мәселе. Себебі, бала құлағымен емес, көзімен тәрбиеленеді. Естігенін емес, көргенін істейді.



ОТБАСЫ-БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Отбасымен уақыт өткізу - ұмытылмас естеліктер қалдырудың ең жақсы тәсілдерінің бірі. Ешнәрсе өз отбасыңызбен бірге өткізетін бақытты сәттердің орнын баса алмайды.

Өз отбасыңызды бірге уақыт өткізуге ынталандырыңыз, барлығын қызықтыратын іс-шара жасауға тырысыңыз. Бастапқыда қиын болуы мүмкін, бірақ көп ұзамай бұл әдетке айналады.

Зерттеу бойынша, достарымен және отбасымен өткізілген уақыт - табыстың еселеніп өсуінен де көп бақыт сыйлайтыны дәлелденген. (George Vaillant, 2009)

Өзін-өзі дамыту үшін қосымша ұсыныстар

Бұл тақырыпшамен біраз ғылыми анықтамалар беруді жөн көрдік.

Талдамалық қабілеттер - бұл проблемаларды шешуде қолданылатын дағдылардың бір түрі. Бұл қабілет қарапайым және күрделі мәселелерді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл дағдыға егжей-тегжейлі көңіл бөлу, сыни ойлау қабілеті, сұрақ немесе мәселені талдап, шешім табуға дағдыландыру сияқты қабілеттер жатады.

Зерттей алу қабілеті - өте маңызды дағдылардың бірі және әртүрлі дағдылардың тамаша үйлесімі. Олар:

Қорытындылау және категориялау қабілеті. Ақпараттарды санаттарына қарай (категория) жіктей алу - өте маңызды дағды.

Сыни тұрғыдан ойлау. Зерттеудің құндылығы жаңа білім немесе жаңа қорытынды табу болып табылады. Бұл дағды еркін сөйлеуге, пікір таластыруға, басқаның ойын тыңдай отырып және проблемаларды шешу жолдарын жан-жақты іздеуге бағытталған.

Талдамалық ойлау. Бұл - ең құнды дағдылардың бірі. Аналитикалық тұрғыдан ойлауға қабілетті адам бірден көп ақпаратты талдай алады. Ол әр түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді есте сақтай алады. Алайда, бұл басқа қабілеттерге қарағанда дамуы күрделі дағдылардың бірі. Арнайы осы мақсатта жұмыс істелгенде ғана жоғары аналитикалық қабілетке ие болу мүмкіндігі артады.

Жазу дағдысы. Барлық адамдар өз ойларын еркін түсіндіруге қабілетті болмауы мүмкін. Бұл адамның сөздік қорының аздығынан ғана емес. Белгілі сөз тіркесін құру үшін адамға керекті сөздерді тауып, дұрыс синтаксистік құрылымды қолдану керек.

ӨНЕРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Өнер - біздің өмірімізге айтарлықтай әсер ететін сала. Екі жылдық зерттеу нәтижелері көркемдік бағдарламаларға қатысқан оқушылардың математика ғылымы бойынша жалпы көрсеткіші 22,5 пайызға және оқу үлгерімі 12,6 пайызға жақсарғанын көрсетті. Демек, өнерді эстетикалық құбылыс қана емес, сондай-ақ, адам өмірінің басқа салаларын да жарқын жаққа өзгертуге мүмкіндік беретін құрал деуге болады. Ұлттық өнер қоры жақында Мичиган университетінің зерттеуін жариялады. Ондағы атап көрсетілгендер мыналар: “Өнер туындыларын жасаған және көркемдік іс-шараларға қатысқан қарт адамдарда, ондай шараларға қатыспаған және өнермен айналыспаған ересектерге қарағанда жоғары танымдық белсенділік, гипертония деңгейінің төмен көрсеткіші және оның физикалық қызметінің төмендеуі байқалады”. Төменде ұсынылған ресурстар арқылы өнер саласы бойынша да өз біліміңізді арттыра аласыз:

(Kumar B. Rajan, PhD, 2017)

- Классикалық музыканы қалай тыңдау керек?
<https://arzamas.academy/courses/25>
- Өнер және тарих
<https://arzamas.academy/courses>
- Arts and humanities
www.khanacademy.org/humanities
- Coursera курстары
www.coursera.org/browse/arts-and-humanities/music-and-art

ЖАҢА ҚАБІЛЕТТЕРДІ ДАМУ

Әр адам үнемі өз ойымен тілдесіп, бойындағы қасиеттерін анықтауға құштарлық танытады. Бірақ ойында жүрген істерін жүзеге асыруға әрдайым уақыты жетпей жатады. Елімізде жарияланған төтенше жағдай қаншалықты ауыр тисе де, оны өзімізге пайдалы болатындай етіп жоспарлауға мүмкіндік туып тұр. Өзіңізді дамытып, жетілдіру үшін төмендегі бағыттарды басшылыққа алсаңыз болады:

- жаңа тіл үйрену
- онлайн курстарға қатысу
- жаңа дағдылар қалыптастыру
- жаңа аспаптарда ойнауды үйрену

Қосымша сабақ және курстар, оқуға арналған сайттар

www.khanacademy.org

www.daryn.online

www.bilimland.kz

www.coursera.org

www.codecademy.com

www.opiq.kz

www.online.educon.kz

Ағылшын тілін үйренуге арналған қосымшалар



Duolingo



Busuu



Memrise




Babbel




Beilinguapp

ӘР АПТАДА БЕРІЛЕТІН ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР ТҮРЛЕРІ

- ✓ Апталық кітап
- ✓ Апталық челлендж
- ✓ Апталық жоба
- ✓ Апталық отбасылық тәрбие сағаты
- ✓ Апталық отбасы мүшелерімен бірігіп ойнайтын ойындар
- ✓ Апталық отбасымен бірге көруге арналған фильм
- ✓ Апталық қолөнер жұмысы





www.qundylyq.kz